ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Бекітемін
Академия бастығының міндетін
уақытша атқарушысы
полиция полковнигі
_____ О. Жолдасов
20 25 ж. «30» 04

«ІІМ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ»
Редакциялық саясаты

Ғылыми кеңес шешімімен
мақұлданды және бекітілді
20 25 ж., «30» 04
№ 2 хаттама

Астана, 2025

Сканировано с CamScanner

«ІІМ ғылыми журналы» редакциялық саясаты

1. Журналдың миссиясы мен мәртебесі

Журнал құқық, криминология, әкімшілік және қылмыстық-атқару құқығы, жедел-қызметтік қызмет және ішкі істер жүйесіндегі басқару саласындағы қолданбалы зерттеулердің нәтижелерін жариялайды. Басылым Қазақстан Республикасының құқықтық ғылымындағы академиялық және практикалық пікірталастардың жетекші платформасы болуға ұмтылады, халықаралық деңгейде көрінуі мен дәйексөзделуін қамтамасыз етеді.

2. Журналдың мақсаттары мен стратегиялық басымдықтары

2.1. Жарияланымдардың ғылыми деңгейін қолдау және арттыру.

2.2. Ішкі істер органдары мен іргелес құрылымдардың қызметі саласындағы өзекті міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми зерттеулерді тарату, сондай-ақ құқық қорғау тақырыбы, басқару, педагогика, ақпараттық және цифрлық технологиялар шеңберінде ашық ғылыми дискурс қалыптастыру, ІІМ ғылыми қызметкерлері, оқытушылар, магистранттар, докторанттар мен практиктер арасында ғылыми коммуникация платформасын қамтамасыз ету.

2.3. Scopus, РИНЦ, Web of Science және ҚР ҒжЖБМ (ҚР ҒЖБ) ұсынатын халықаралық және өңірлік рефективтік базаларда индекстеуге және көрінуге қол жеткізу.

3. Жарияланымдардың тақырыбы мен тілі

3.1.Басымдық: құқық саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау, өзекті мәселелерді қарастыру, заң ғылымының перспективалық және өзекті бағыттарына және кейс-стадиға назар аудару.

3.2.Ғылыми мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.

4. Авторларға қойылатын талаптар

4.1.Мақалаларды қабылдау тәртібі: ғылыми мақала, плагиат туралы анықтама, құпиялылық туралы анықтама, кафедра/орталық отырысынан үзінді, ӘкжРБК-тен үзінді, мақалаға 1 рецензия (магистранттар/докторанттар, ғылыми қызметкелер және ПОҚ үшін), ал ғылыми мақалаға – 2 рецензия (1 ішкі және 1 сыртқы). Ғылыми дәрежесі/ғылыми атағы (PhD доктор) бар Академия қызметкерлері мақалаларға рецензия ұсынудан босатылады.

4.2.Автор ҒКжРБК төрағасының атына ғылыми мақаланы қарау және жариялауға ұсыну үшін күн тәртібіне енгізу туралы рапорт ұсынуы қажет.

4.3.Автор көрсетеді: тегі, аты, әкесінің аты (толық), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орны, электрондық пошта мекенжайы және байланыс телефоны, қала мен ел атауы — 3 тілде (қазақша, орыс және ағылшын тілдерінде).

4.4. Мақаланы рәсімдеудің техникалық талаптары

➢ *УДК (әмбебап ондық жіктеуіш)* – сол жақ жоғарғы бұрышта: https://teacode.com/online/udc/; *МРНТИ коды (ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы)* https://grnti.ru/.

➢ мақала атауы — ортасында, бас әріптермен — қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

➢ аннотация кемінде 100–120 сөз, зерттеу тақырыбы мен пәнін көрсетуі тиіс — қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

➢ түйінді сөздер (8–10 сөз немесе сөз тіркесі, атау септігінде, мақаланың мазмұнын сипаттайтын және ақпараттық іздеуді қамтамасыз ететін) — үш тілде;

➢ мәтін Word редакторында, Times New Roman қарпі, өлшемі – 14;

➢ бет саны – аннотацияны есептемегенде А4 форматында 12 бетке дейін;

➢ жоларалық интервал — 1,0;

➢ абзац шегінісі – 1,25;

➢ өрістер: сол жақ – 3 см, оң жақ – 1 см, жоғарғы және төменгі – 2 см;

➢ сілтемелер – мәтін ішінде төртбұрышты жақшада [1, 15];

➢ пайдаланылған әдебиеттер тізімі — мәтінде қолданылу ретімен, ГОСТ 7.1 — 2003 талаптарына сәйкес рәсімделеді.

Бір нөмірде бір автордың тек бір мақаласы жарияланады.

Мақала авторлық редакцияда жарияланады. Автор мақаланың түпнұсқалығы мен мазмұнына, деректердің, дәйексөздердің және дереккөздердің дұрыстығына жеке жауап береді.

Материалдар қағаз және электрондық түрде ұсынылады.

5. Түпнұсқалықты тексеру ережелер

5.1. Барлық ғылыми мақалалар мәтіннің сәйкестігі бойынша тексеруден өтеді *(StrikePlagiarism.com).*

5.2. Сәйкестік шегі редакциямен анықталады (бірегейлік кемінде 70%). Жоғары сәйкестік автордың түсіндірмесін немесе материалды қайта өңдеуді талап етеді.

5.3. Жасанды интеллект қолданылған жағдайда, оның атауы, өндірушісі, нұсқасы және қолданылған күні көрсетілуі тиіс.

5.4. Плагиат анықталған жағдайда мақала қабылданбайды.

5.5. Түпнұсқалықты тексеру – 2 ретке дейін.

6. Қарау және рецензиялау процесі

6.1. ҚР ІІМ БА «ІІМ ғылыми журналы» ғылыми журналына жариялау үшін келіп түскен мақалаға рецензия (1-қосымша).

6.2. Мақаланы (қолжазбаны) бастапқы қарау тәртібі:

6.2.1.Авторлардан келіп түскен материалдар журнал тақырыбына сәйкестігіне, толықтығына және рәсімделу дұрыстығына бастапқы бақылаудан өтеді. Журналда мақала тек «ІІМ ғылыми журналы» халықаралық ғылыми журналында жарияланатын мақалаларға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда ғана жариялауға қабылданады.

6.2.2.Редакцияға автор/авторлар мұқият тексерген және қол қойған мақаланың бір данасы ұсынылады. Онда УДК (әмбебап ондық жіктеу) https://teacode.com/online/udc/, МРНТИ коды (ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы) https://grnti.ru/, автор(лар) туралы мәліметтер, мақала атауы, аннотация, үш тілдегі (қазақ (шетелдік авторлардан басқа), орыс және ағылшын тілдерінде) түйінді сөздер және транслитерацияланған әдебиеттер тізімі көрсетілуі тиіс.Міндетті түрде автор атынан мақалада

мемлекеттік құпияларды қамтитын мәліметтердің, сондай-ақ «Қызметтік пайдалану үшін» белгісі бар мәліметтердің жоқ екендігі туралы анықтама ұсынылуы қажет.

6.2.3.Редакцияға барлық құжаттардың электрондық нұсқасы электрондық тасымалдағышта немесе https://aumvd.edu.kz электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

6.2.4.Мақалада ұсынылған материалдар ашық сипатта болуы тиіс. Шектеу белгісінің болуы мақаланы қабылдамауға негіз болып табылады.

6.2.5.«ІІМ ғылыми журналы» журналында жарияланатын мақалаларға қойылатын талаптарды сақтамай ұсынылған қолжазбалар тіркеуге қабылданбайды және қабылдаудан бас тарту себептері көрсетіле отырып, авторларға қайтарылады.

6.3. Қолжазбаларды рецензиялау тәртібі мен рәсімі

6.3.1.Журнал редакциясына түскен барлық мақалалар лицензиялық жүйені пайдалана отырып, мәтіндік ұқсастық *(мәтіндік сәйкестік)* тұрғысынан тексеруден өтеді, содан кейін міндетті рецензиялауға *(сараптамалық бағалауға)* жіберіледі.

6.3.2.Рецензент ретінде рецензияланатын Қолжазбаның авторы немесе тең авторы, сондай-ақ автордың ғылыми жетекшісі және автор жұмыс істейтін бөлімшенің қызметкері бола алмайды.

6.3.3.Рецензиялау ұсынылған материалдар тақырыбы бойынша білікті мамандар болып табылатын, тиісті ғылыми бейін бойынша ғылыми дәрежелері бар рецензенттермен жүзеге асырылады. Кейбір жағдайларда бас редактордың шешімімен ұсынылған қолжазбалар басқа рецензенттер – сарапшыларды тарта отырып, қосымша рецензиялауға жіберілуі мүмкін.

6.3.4.Рецензиялау мерзімі ғылыми мақала рецензентке келіп түскен сәттен бастап 10 жұмыс күнінен аспайды. Қажет болған жағдайда рецензенттің өтініші бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

6.3.5.Рецензентке Қолжазба жіберілген кезде, оған бұл Қолжазбаның авторлардың зияткерлік меншігі болып табылатыны және жария етуге жатпайтын мәліметтер қатарына жататыны туралы хабарланады.

6.3.6.Рецензиялау нәтижелері рецензиялаудың үлгілік нысанында көрсетіледі *(Қосымшаны қараңыз)*.

6.3.7.Рецензент мақаланы жариялауға ұсынуы мүмкін; ескертулерді ескере отырып, қайта өңдеуден кейін жариялауға ұсынуы мүмкін; немесе жариялауға ұсынбауы мүмкін. Егер рецензент мақаланы қайта өңдеуден кейін жариялауға ұсынса немесе жариялауға ұсынбаса, онда рецензияда мұндай шешімнің себептері көрсетілуі тиіс.

6.3.8.Егер рецензияда мақаланы түзету және жетілдіру бойынша ұсынымдар болса, редактор авторға рецензия мәтінін жіберіп, оларды мақаланың жаңа нұсқасын дайындау кезінде ескеруді немесе (ішінара немесе толық) теріске шығаруды ұсынады. Автор тарапынан толықтырылған (қайта өңделген) мақала қайтадан рецензиялауға жіберіліп, жалпы тәртіппен қаралады.

6.3.9. Рецензенттер мен журнал редакциясы берілген ескертулер бойынша мақала авторларымен пікірталасқа түспейді.

6.3.10. Редактор редакциялық кеңес пен (немесе) редакциялық алқа мүшелері болып табылмайтын сыртқы рецензенттерді (ғылым докторлары немесе кандидаттары, сондай-ақ тәжірибелік-мамандарды) тартуға құқылы.

6.3.11. Сыртқы рецензенттерді тарту мынадай жағдайларда мүмкін: белгілі бір бағытты (ғылыми пәнді) жетекшілік ететін редакциялық алқа мүшесі болмаған кезде; редакциялық алқа мүшесінің рецензия дайындауға мүмкіндігі болмаған кезде; редакциялық алқа рецензияда айтылған пікірмен келіспеген жағдайда; редакциялық алқа мүшесінен мақала түскен кезде.

6.3.12. Академияның Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа кеңесінің *(бұдан әрі – ҒКжРБК)* отырысында мақала тақырыбына сәйкес ғылыми еңбектері бар ғалымға рецензия жасау туралы өтінішпен жүгіну жөнінде шешім қабылданады. ӘКжРБК шешімімен мұндай ғалымға рецензия жасау туралы хат жолданады. Хатқа мақала және ұсынылатын рецензия нысаны қоса беріледі.

6.3.13. Автор рецензенттің пікірімен келіспеген жағдайда, қолжазба ҒКжРБК отырысында қайта (қосымша) рецензиялауға жіберілуі мүмкін.

6.3.14. Рецензиялар алынғаннан кейін Ғылыми-әдістемелік кеңестің кезекті отырысында келіп түскен мақалалар қаралып, оларды жариялау немесе жариялаудан бас тарту туралы түпкілікті шешім қабылданады. ӘКжРБК шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда бас редактордың дауысы шешуші болып табылады. Шешім қабылдау үшін кворум редакциялық алқа мүшелерінің жалпы санының 50%-ы деңгейінде белгіленеді.

7. Жарияланым этикасы

7.1. «ІІМ ғылыми журналы» ғылыми журналының жариялау этикасы — жариялауға материалдарды дайындау процесіне қатысатын барлық тараптар: бас редактор, баспагер, автор/авторлар ұжымы, рецензенттер арасындағы қатынастарды реттеуге бағытталған кәсіби ережелер жүйесі болып табылады.

7.2. «ІІМ ғылыми журналы» журналының редакциялық алқасы халықаралық ғылыми қауымдастықта қабылданған жариялау этикасы қағидаттарын ұстанады, атап айтқанда Ғылыми жарияланымдар этикасы жөніндегі комитеттің (Committee on Publication Ethics, COPE) ұсынымдарын басшылыққа алады, сондай-ақ халықаралық ғылыми журналдар мен баспалардың озық тәжірибесін ескереді.

7.3. Жариялау этикасы жариялау процесіне қатысушылардың барлығының: бас редактордың, баспагердің, автор/авторлар ұжымының, рецензенттердің және өзге де уәкілетті органдардың этикалық мінез-құлқының нормаларын, қағидаттарын және стандарттарын белгілейді. Сондай-ақ ол мүдделер қақтығысын, этикалық емес әрекеттерді анықтау шараларын, сондай-ақ жарияланымдарды кері қайтарып алу, түзету және теріске шығару жөніндегі нұсқаулықтарды қамтиды.

7.4. Редакциялық-баспалық процеске қатысушылардың барлығы төменде келтірілген этикалық қағидаттармен келіседі және бірлескен жұмыстың басталу сәтінен бастап оларды басшылыққа алады.

7.5. Нормативтік сілтемелер:

7.5.1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығы «Ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдар тізіміне енгізу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

7.5.2. *ГОСТ 7.1 — 2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері».*

7.6. Автор / авторлар коллективі – ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша рукопись жасауда қатысқан тұлға немесе тұлғалар тобы.

Бас редактор – редакцияны басқаратын және журнал шығарылымына қатысты соңғы шешім қабылдайтын тұлға.

Жабық рецензиялау – рецензиялау процедурасы, онда автор/авторлар коллективі мен рецензент бір-бірінің жеке тұлғасын білмейді.

Баспагер – автор/авторлар коллективінің тапсырысы бойынша, делдал арқылы немесе өз бастамасымен басылымдарды немесе БАҚ өнімдерін дайындау, өндіру және шығару үшін жауапты тұлға.

Модератор – барлық қатысушылар арасындағы коммуникацияларды ұйымдастыратын және рукописьтің журнал талаптарына сәйкестігін техникалық тексеретін тұлға.

Плагиат – басқа адамның шығармасын өз атымен жариялау немесе үзінділерін дереккөзді көрсетпей алу. Егер ресми автор шығарманың бірлескен авторлары бар екенін білдірмей, өзін жалғыз автор ретінде жарияласа, бұл да плагиат болып есептеледі.

Редакциялық коллегия – журналды қалыптастыру және шығару бойынша барлық жұмыстарды жүзеге асыратын басқару органы.

Рецензент – ғылыми журнал атынан әрекет ететін эксперт, авторлық материалдарды ғылыми сараптамадан өткізіп, олардың жариялануына мүмкіндіктерін анықтайды. Барлық рецензенттер рецензияланатын материалдардың тақырыбы бойынша танымал мамандар болып табылады. Рецензиялар журнал порталында сақталады және тіркеледі.

Рецензиялау – рецензенттер арқылы жариялануға ұсынылған рукописті қарастыру және сараптау процедурасы, оның мақсаты – жариялаудың маңыздылығын анықтау, рукописті артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету, автор/авторлар коллективіне және редакцияға рукописті жетілдіруге көмек көрсету.

Ғылыми мақала – мамандандырылған басылымда жарияланған авторлық жұмыс, онда оригиналды зерттеу, тәжірибе немесе теориялық талдау нәтижелері сипатталады. Ол ғылыми жаңалықты, әдебиет шолуын, әдістемені, дәлелдемелік базаны және қорытындыларды қамтиды, рецензиялау процедурасынан өтіп, оның сенімділігі бағаланады.

ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі.

ӨММ «ҚР ІІМ БА» – Қазақстан Республикасының ІІМ Басқару академиясы атты өңірлік мемлекеттік мекеме.

7.7. Бас редактордың жауапкершілігі:

Бас редактор баспагер мен редакциялық коллегия қызметін жалпы басқарады, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ ӨММ «ҚР ІІМ БА» Жарғысына және басқа нормативтік құжаттарға сүйене отырып.

Жұмысында бас редактор келесі негізгі қағидалар мен рәсімдерді сақтауы тиіс:

1. Редакцияға келіп түскен қолжазбаларды жариялануы туралы шешім қабылдау.

2. Мақала жариялануы туралы шешім қабылдау кезінде редакциялық алқа мүшелері мен рецензенттермен кеңесу.

3. Қолжазба туралы ақпараттың құпиялығын сақтау, оны үшінші тұлғаларға жарияламау, тек рецензенттер мен редакциялық коллегия мүшелеріне ғана қолжетімді ету.

4. Журналдың редакциялық және жарияланым жүйесінің тұтастығын қамтамасыз ету.

7.8.Баспаның жауапкершілігі: Баспа авторлардың шығармаларын жариялауда жауапкершілікті көтереді, бұл негізгі қағидалар мен рәсімдерге сәйкес әрекет етуді қажет етеді.

7.8.1.Редакцияға келіп түскен қолжазбалардың қайсысы жариялануы тиіс екенін шешу, олардың ресімделу талаптарына сәйкестігі, плагиатқа тексеру және рецензия нәтижелеріне сүйене отырып жүзеге асырылады.

7.8.2.Автордан немесе авторлар тобынан алынған рукописсия мен кез келген ақпаратты жариялануға дейін құпия сақтау қамтамасыз етіледі.

7.8.3.Қолжазба авторлық ережелерді бұзған жағдайда баспа оны кері қайтарып, доработка жасауын талап етуге құқылы.

7.8.4.Егер жариялауға ұсынылған рукописсияда мазмұндық, грамматикалық немесе стильдік қателер анықталса, баспа өз тарапынан түзету процесін бастай алады немесе рукописсияны авторлармен келісіп жарияға дейін кері алады; сондай-ақ, бұл үшін редакциялық кеңестің мүшесін тағайындауға құқылы.

7.8.5.Қолжазбаға редакторлық түзетулер енгізілгенде, автор/авторлар тобының келісімі алынады.

7.8.6.Жариялануға қабылданған рукописсия ашық қолжетімді түрде орналастырылады, авторлық құқық авторлар/авторлар тобына тиесілі болып қалады.

7.8.7.Баспа ғылыми мақалалардың мазмұны үшін жауапкершілік артпайды.

7.8.8.Қолжазбада алдын ала белгілі этикалық бұзушылықтар, плагиат, өз-өзін қайталау, артық өзін-өзі цитаталау немесе мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, баспа жауапкершілікке тартылады. Егер қолжазба жазу кезінде жариялану этикасының принциптері бұзылған болса, бас редактор редакциялық

кеңестің шешіміне сәйкес жариялауды кері алуды (ретракцияны) жүргізуі тиіс. Қолжазба автор/авторлар құрамы немесе журнал редакциясы тарапынан кері алына алады.

Ғылыми мақала мына жағдайда кері қайтарылады (ретрагцияланады):

- егер алынған деректер сенімсіз екендігіне немесе олар заңсыз әрекеттер нәтижесінде алынғандығына, мысалы, деректерді жалғандату немесе фабрикация жасау фактісіне нақты дәлелдер болса;
- «ІІМ ғылыми журналы» журналында жарияланбас бұрын қолжазбаның басқа басылымда жарияланғаны анықталған жағдайда;
- қолжазбада плагиат табылған жағдайда, соның ішінде суреттерді, графиктерді, кестелерді және т.б. пайдаланғанда;
- қолжазбада басқа ғалымдар мен олардың зерттеулеріне теріс әсер етуі мүмкін айтарлықтай қателіктер болса, мысалы, есептеулер немесе тәжірибе қателіктері;
- үшінші тұлғалардың қолжазбаға немесе оның жеке бөліктеріне авторлық құқыққа қатысты шағымдары болған жағдайда;
- қолжазбада жариялау этикасының принциптеріне, стандарттарына және нормаларына қайшы ақпарат болса.

7.8.9. Жоғарыда көрсетілген жағдайларда журналдың редакциялық коллегиясы тексеру жүргізеді, нәтижесінде қолжазба жариялау процесінен кері қайтарылуы мүмкін. Осы мақсатта қолжазбаны жариялау процесінен кері қайтару актісі жасалады, ол бас редактордың растауы мен қол қоюымен бекітіледі. Қолжазба авторына/авторлар тобына актінің көшірмесі жіберіледі. Содан кейін журналдың сайтында қолжазба кері қайтарылған деп белгіленеді және себептері көрсетіледі. Редакция қолжазбаның кері қайтарылғаны туралы ақпаратты журнал сайтының басты бетінде жариялайды және мақаланы кері қайтару процедурасынан кейін келесі нөмірде орналастырады.

7.8.10. «ІІМ ғылыми журналы» журналының редакциясы жарияланған сандардағы анықталған бұзушылықтар туралы барлық негізді шағымдарды жауапкершілікпен, объективті және мұқият қарастырады.

7.8.11. Редакция авторлар мен рецензенттердің жарияланған материалдан кейін анықталған қателіктер мен бұзушылықтар туралы редакцияға мүмкіндігінше жедел хабарлауды өздерінің жауапкершілігі және міндеті деп есептейді.

7.9. Авторлардың / авторлар ұжымының жауапкершілігі

«ІІМ ғылыми журналына» қолжазбаны ұсынған кезде автор ғылыми зерттеудің жаңалығы мен нәтижелерінің шынайлығына жеке жауапкершілік артатынын түсінеді. Бұл төмендегі қағидалар мен рәсімдерді сақтауды талап етеді:

7.9.1. Журналға ұсынылған қолжазба түпнұсқа болып, бұрын жарияланбағанын қамтамасыз ету және материал мазмұнына толық жауапкершілік алу. Мәтіннің түпнұсқалық деңгейі Авторларға арналған ережелерде көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

7.9.2. Ұсынылған жұмыстың сипатына айқын әсер еткен жарияланымдарға сілтеме жасау. Басқа авторлардың еңбектерін және/немесе цитаталарын қолданған жағдайда библиографиялық сілтемелерді редакциялық талаптарға сай рәсімдеу міндетті. Сенімсіз көздерден алынған ақпаратты қолжазбада пайдалануға болмайды.

7.9.3. Жариялауға ұсынылған мәтін журналдың тақырыптық профиліне сай болуы, жалған немесе жасанды деректерді, сондай-ақ басқалардың зерттеу нәтижелерін заңсыз иеленуді қамтымауы тиіс.

7.9.4. Рецензенттер, бас редактор немесе редакциялық коллегия мүшелерінде зерттеу нәтижелерінің шынайлығы мен дәлдігіне күмән туындаған жағдайда, қолжазбада келтірілген нәтижелерді растау үшін қосымша материалдар ұсыну.

7.9.5. Журналға редакциялық талаптарға сай мұқият түзетілген мәтінді жіберу.

7.9.6. Жарияланымдардың қайталануына жол бермеу. Қолжазбаның жеке элементтері бұрын жарияланған болса, автор/авторлар ұжымы бұрынғы жұмысына сілтеме жасап, жаңа жұмыстың ерекшеліктерін көрсетуі тиіс.

7.9.7. Басқа журналға жолданған және қаралуда тұрған, сондай-ақ басқа журналда жарияланған қолжазбаны ұсынбау.

7.9.8. Қолжазбаны дайындауға ең үлкен үлес қосқан тұлға (екі автор болған жағдайда) байланыс авторы болып саналады және/немесе авторлар тізімінде бірінші көрсетіледі.

7.9.9. Қолжазба жариялануға қабылданғанға дейін авторлардың аттарын қосу, өшіру немесе өзгертуге болады. Байланыс авторы авторлық тізімдегі өзгерістердің себептерін көрсетуі және барлық авторлардан (қолданыстағы және қосылатын/өшірілетін авторлар) жазбаша растау ұсынуы тиіс. Авторлық тізімді өзгерту туралы өтінішті баспагер мақұлдауы қажет.

7.9.10. Қолжазбада елеулі қате немесе дәлсіздік анықталған жағдайда, оны түзету немесе жарияламас бұрын алып тастау үшін редакциялық коллегия өкілдерімен ынтымақтастық жасау.

7.9.11. Жариялау процесінің кез келген сатысында қателіктер мен дәлсіздіктер анықталған жағдайда, авторлар редакциялық коллегияға дереу хабарлап, қатені түзетуге көмек көрсетуі тиіс. Түзету мүмкін емес ауыр қателер анықталған жағдайда, авторлар/авторлар ұжымы мақаланы кері алуы қажет.

Мақаланың негізгі мазмұнына зиян келтірмейтін редакциялық түзетулерге 7.9.12. келісу.

7.9.13. Бір қолжазбадағы авторлардың саны 2 адамнан аспауы тиіс.

7.9.14. Зерттеуге қатысты сын немесе ескертулерге, сондай-ақ рецензиялау мен жариялау мәселелерінде редакциямен қарым-қатынас кезінде этикалық нормаларды сақтау. Этикалық қағидаларды бұзу авторлардың жариялау этикасын елеулі бұзуы болып саналады және қолжазбаны рецензиялау және/немесе жариялаудан алу негізі бола алады.

7.9.15. Автор рецензенттің қорытындысына келіспеген жағдайда шешімді Ғылыми-әдістемелік және редакциялық-баспа жұмысы отырысында (ӘКжРБК) қаралады.

7.9.16. Автор/авторлар ұжымы мен редакциялық коллегия немесе рецензент арасындағы келіспеушілік болған жағдайда, мәселе қатысушылардың есеп беруінен кейін коллегиялық орган арқылы шешіледі.

7.9.17. Ғылыми мақалалардың авторлары жасанды интеллект (AI) құралдарын өз жұмысы дайындық кезеңдерінің әр түрлі сатыларында қолдана алады, соның ішінде жазу, редакциялау, фактілерді тексеру және деректерді талдау үшін. Дегенмен, авторлар бұл фактіні мақаланың тиісті бөлімдерінде нақты көрсетуі тиіс («Ғылыми мақаланы жазу барысында генеративті AI және оның технологияларын қолдану туралы хабарлама»). Әдебиеттер тізімінде (References) AI қолданылған дереккөзді келесідей көрсету қажет: Модель атауы. (жыл, ай, күн). Сұрау немесе мазмұн сипаттамасы [Үлкен тілдік модель]. Платформа атауы. URL.

7.10. Рецензенттердің жауапкершілігі: *Рецензент авторлық материалдарды ғылыми сараптамадан өткізеді, сондықтан оның әрекеттері төмендегі принциптер мен рәсімдерді орындауға негізделген бейтарап сипатқа ие болуы тиіс:*

7.10.1. Қолжазбаны қол жетімділік және талқылау тек бас редактор тағайындаған тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

7.10.2. Рецензиялау үшін алынған ғылыми мақала құпия құжат ретінде қаралады, оны редакциядан рұқсат жоқ үшінші тұлғаларға таныстыруға немесе талқылауға беруге болмайды және жеке мүдде үшін пайдалануға жол берілмейді.

7.10.3. Қолжазба авторына/авторлар ұжымына жеке сыни пікір айтуға жол жоқ.

7.10.4. Рецензиялау кезінде алынған ақпарат пен идеяларды рецензент жеке пайда алу мақсатында пайдалана алмайды.

7.10.5. Зерттеу нәтижелеріне объективті және дәлелді баға беру, журналдың баспаханасы ұсынған формаға сәйкес нақты ұсыныстар жасау.

7.10.6. Тақырыптың өзектілігі мен ғылыми жаңашылдығын, қолжазбаның құрылымы мен баяндау стилінің ғылыми талаптарға сәйкестігін бағалау. Мәтінге қатысты барлық ескертулер мен ұсыныстар рецензия ретінде рәсімделеді.

7.10.7. Рецензияны ғылыми мақаланы алған күннен бастап ең кеші 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсыну.

7.10.8. Автор/авторлар ұжымының ұлты, діні, саяси немесе басқа көзқарастары рецензиялау процесінде ескерілмеуі тиіс.

7.10.9. Рецензент жасаған эксперттік баға редакцияның жариялау туралы шешім қабылдауына септігін тигізіп, автор/авторлар ұжымына мақаланы жетілдіруге көмектесуі тиіс.

7.10.10. Жіберілген қолжазбаға қорытынды жасауға өздерін жеткілікті білікті деп санамайтын немесе көрсетілген мерзімде қарауға уақыты жоқ рецензенттер редакциялық коллегияны жазбаша түрде хабарлап, рецензиялаудан бас тартуы тиіс, бұл үш жұмыс күні ішінде жасалады.

7.10.11. Қолжазбаны жариялауға қабылдау, жұмысты автор/авторлар ұжымына түзетуге немесе жетілдіруге қайтару, немесе жариялаудан бас тарту туралы шешімді редакциялық коллегия рецензия нәтижелеріне сүйене отырып қабылдайды. Егер рецензент қолжазбада плагиат, дұрыс емес алынған мәліметтер, жалған немесе фабрикацияланған материалдар мен зерттеу нәтижелері бар деп санайтын жеткілікті негіздерге ие болса, ол қолжазбаны жариялауға жол бермеуі және анықталған жариялау этикасының принциптері мен рәсімдерін бұзу фактілері туралы журналдың бас редакторына немесе оның орынбасарына хабарлауы тиіс.

8. Мүдделер қақтығысы саясаты

8.1. Баспа этикасы комитетінің (COPE) анықтамасы бойынша мүдделер қақтығысы — бұл бас редактор, редакциялық алқа мүшелері, авторлар/авторлар ұжымы немесе рецензенттердің жарияланатын материалға қатысты шешімдеріне ықпал етуі мүмкін жасырын мүдделері бар қақтығыс жағдайлары. Мүдделер қақтығысы рецензенттің және редакциялық алқа мүшелерінің ғылыми бағалауына әсер етуі мүмкін жеке немесе кәсіби жағдайлар болғанда пайда болады және нәтижесінде мақала жариялау жөніндегі редакциялық шешімге ықпал етуі мүмкін.

8.2. Барлық баспа процесіне қатысушылар бәсекелестік, ынтымақтастық немесе байланыстардан туындайтын мүдделер қақтығысы байқалған қолжазбаларды қарастырмауы керек.

8.3. Ғылыми мақаланы журналға қарауға ұсынған кезде автор/авторлар ұжымы мақалада зерттеуді қаржыландыру көздері толық көрсетілгенін мәлімдейді; сонымен қатар ұсынылған ғылыми мақалаға қатысты мүдделер қақтығысын туғызуы мүмкін коммерциялық, қаржылық, жеке немесе кәсіби факторларды көрсетеді.

8.4. Автор/авторлар ұжымы немесе редакциялық алқа бір-біріне қатысты қателіктер анықталған жағдайда түзетулерді, кешірімдерді немесе жоққа шығаруларды жариялау мүмкіндігі қарастырылған.

8.5. Бас редактор баспагермен бірлесіп қаралған мақалаларға немесе жарияланған материалдарға қатысты этикалық шағымдар болған жағдайда тиісті жауап шараларын қабылдайды.

8.6. Барлық мүдделі тараптар жариялаудың барлық кезеңдерінде мүдделер қақтығысын болдырмауға барынша тырысуы қажет. Кез келген мүдделер қақтығысы пайда болған жағдайда оны анықтаған адам дереу редакцияға хабарлауы керек. Бұл қағидалар мен баспа этикасы процедураларының кез келген басқа бұзушылықтарына да қатысты.

8.7. «ІІМ ғылыми журналы» редакциясы жариялау процесінің ашықтығын және халықаралық баспа этикасы стандарттарының сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылады, барлық жарияланымдардың белгіленген нормаларға сәйкес болуын гаранттайды.

Қосымша 1

1.	**Мақала атауы**	
1.1.	**Тілі**	*Қазақ, орыс, ағылшын тілінде*
1.2.	**Өзектілігі**	
1.3.	**Ғылыми мазмұны**	
1.4.	**Ғылыми жаңалық**	
1.5.	**Проблеманың болуы және оның шешілуінің сипаттамасы**	
1.6.	**Тұжырымдар мен ұсынымдардың болуы, олардың негізділігі, теориялық және практикалық құндылығы**	
1.7.	**Түсінік аппаратын стилистикалық дұрыс пайдалану**	
2.	**Қажетті түзетулер**	
2.1	**Түйіндемені пысықтау?**	*иә*
2.2	**Грамматиканы түзету?**	*жоқ*
2.3.	**Мәтіннің қандай да бір құрылымдық элементін кеңейту қажет пе?**	*Транслитерацияланған әдебиет тізімін қосу.*
2.4.	**Мәтіннің қандай да бір құрылымдық элементін қысқарту?**	*жоқ*
2.5.	**Мәтіннің қандай да бір құрылымдық элементін жою?**	*жоқ*
3.	**Мақаланы басылымға ұсыну?**	
3.1.	**Иә, өзгеріссіз**	*жоқ*
3.2.	**Иә, аздаған өзгерістермен**	*Иә* *(Аннотацияны пысықтау, әдебиеттер тізімін талаптарға сәйкес келтіру, авторлар туралы мәліметтерді қосу талап етіледі.)*
3.3	**Иә, елеулі түзетулермен**	*жоқ*
3.4.	**Жоқ**	*жоқ*
Рецензент		*Философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі* ***Т.А.Ә.***

Министерство культуры и информации Республики Казахстан

Республиканское государственное учреждение "Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан"

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания

№ KZ35VPY00130252

г.Астана

Дата выдачи 26.09.2025

Название: журнал,ІІМ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ
Язык: КАЗАХСКИЙ, РУССКИЙ, АНГЛИЙСКИЙ
Периодичность: 4 раза в год (ежеквартально)
Собственник: Республиканское государственное учреждение "Академия управления Министерства внутренних дел Республики Казахстан"
Тематическая направленность: публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук
Территория распространения: Республика Казахстан, зарубежные страны

Есмағұл Ілияс

Заместитель председателя

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электрондық құжат және электрондық сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі қолмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Сканировано с CamScanner